


Акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл

Акционерлік капиталдың құрылымы

Акцияны ұстаушы	Жай акциялар, дана	Жай акциялар, % үлесі	Артықшылыққа ие акциялар, дана	Акциялардың барлығы, дана	Акциялардың барлығы, % үлесі
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	411 371 263	67,42	–	411 371 263	67,42
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	122 023 898	20,00	–	122 023 898	20,00
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі	58 420 748	9,58	–	58 420 748	9,58
Еркін айналымдағы акциялар	18 303 584	3,00	–	18 303 584	3,00

Акция түрі	Жарияланған акциялар саны	Ұсынылған акциялар саны	Саудаланып жатқан акциялар саны	Ұсынылмаған акциялар саны
Жай	849 559 596	610 119 493	18 303 584	239 440 103

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлік капиталының құрылымы келесідей, %



67,42 ● «Самұрық-Қазына» АҚ
20 ● Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
9,58 ● Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
3 ● еркін айналымдағы акциялар

ҚМГ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында есепті жылдың қорытындысы бойынша келесі құжаттар бекітіледі/анықталады деп күтілуде:

- ҚМГ-ның 2025 жылға арналған аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке);
- ҚМГ-ның 2025 жылғы таза пайдасын бөлу тәртібі;
- ҚМГ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері;
- 2025 жылға дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімін тіркеу күні;
- 2025 жылға жай акциялар бойынша дивиденд төлеуді бастау күні.

Акционерлердің құқығы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-II Заңына және компанияның Жарғысына сәйкес ҚМГ тек жай акциялар шығарады. Жай акция иелерінің мынадай құқықтары бар:

1. Компанияны басқаруға қатысу;
2. ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру;
3. дивиденд алу;
4. Компанияның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе ҚМГ Жарғысында айқындаған тәртіппен Компанияның қаржылық есептілігімен танысу, келесі ақпаратты қоспағанда:

- өтініш берген күні қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған ақпарат;
- соңғы үш жыл ішінде қайталап сұратылған ақпарат (егер ҚМГ акционері сұратқан ақпарат оған бұған дейін толық көлемде берілген болса);
- Компанияның өткен кезеңдердегі қызметіне (ҚМГ акционері өтініш берген күннен үш жылдан астам уақыт бұрынғы) қатысты ақпарат, оның ішінде тек ҚМГ акционері өтініш берген күні орындалуы жалғасып жатқан мәмілелер жөніндегі ақпарат;

5. ҚМГ акционерінің бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан үзінді көшірмелер алу;
6. ҚМГ Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысында ұсыну;
7. ҚМГ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауға, оның мүшелерін сайлауға және өкілеттіктерін тоқтатуға, сондай-ақ сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындауға қатысу;
8. ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне бекітілген тәртіп бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету;
9. Компания органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен қарсы шығу;
10. Компанияның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленген жағдайда, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы»

- №415-II Заңының 63-ші және 74-баптарында көзделген жағдайларда, ҚМГ-ның лауазымды тұлғалары Компанияға келтірген залалды өтеуді және лауазымды тұлғалар мен (немесе) олардың аффилирленген тұлғалары ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілігі бар мәмілелерді жасау (ұсыну) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (табыстарын) Компанияға қайтаруды талап ете отырып, сот органдарына өз атынан жүгіну;
11. Компанияның қызметіне қатысты жазбаша сауалдармен жүгіну және сауал Компанияға келіп түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алу;
12. Компания таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқығы бар;
13. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-II Заңында белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайлардан басқа, Компанияның акцияларын немесе оның акцияларына конвертацияланатын өзге де бағалы қағаздарын басымды құқықпен сатып алу;
14. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін өзінің талап етуі бойынша алу. Бұл ретте құжаттардың көшірмелерін беру үшін Компания белгілейтін төлем олардың дайындалуына және қажет болған жағдайда ҚМГ акционеріне жеткізілуіне жұмсалған шығындардан аспауы тиіс;
15. Компанияның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен бірлесіп иеленген жағдайда, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-II Заңына және Компания Жарғысына сәйкес, ҚМГ Директорлар кеңесіне ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсыну;
16. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-II Заңында көзделген тәртіппен, ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысымен Компания акцияларының санын немесе олардың түрін өзгерту жөніндегі шешім қабылдауға қатысу;
17. ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға бастамашылық ету.

Компанияның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетінше немесе ҚМГ басқа акционерлерімен бірге иеленетін ҚМГ акционерлері бір мезгілде мынадай шарттар болған кезде ҚМГ Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының жекелеген мүшесінің жыл қорытындылары бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы:

1. соттың ҚМГ Директорлар кеңесінің және (немесе) басқармасының осы мүшесі не оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуы мақсатында ҚМГ акционерлерін қасақана адастыру фактісін анықтауы;
2. Егер ҚМГ Директорлар кеңесінің және (немесе) Басқармасының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі компанияның шығындарының туындауына әкеп соқтырғаны дәлелденсе.

ҚМГ ірі акционерінің де құқығы бар:

1. ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе ҚМГ Директорлар кеңесі ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап қоюмен сотқа жүгіне алады;
2. ҚМГ Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ете алады;
3. аудиторлық ұйымның өз есебінен компания аудитін жүргізуін талап ете алады.

Бұл құқықтар ҚМГ акционерлерінің ашықтығы мен олардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында, компанияның Жарғысында, ҚМГ акционерлерінің Жалпы жиналысы туралы ережеде айқындалады.

Директорлар кеңесінің акционерлермен өзара іс-қимылы

ҚМГ Директорлар кеңесі қызметінің 2025 жылғы басымдықтарының бірі – негізгі шешімдерді қабылдау кезінде ірі акционерлердің стратегиялық көзқарасын терең түсінуді және уақтылы есепке алуды қамтамасыз ету болды.

Есепті кезеңде ҚМГ Директорлар кеңесі акционерлердің позициясын корпоративтік басқару процесіне интеграциялауға бағытталған мынадай тетіктердің іске асырылуын қамтамасыз етті:

- **Тікелей өкілдік:** ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамында ҚМГ ірі акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ мүддесін қорғайтын өкілдер жұмыс істейді, олар ҚМГ Директорлар кеңесіне стратегия, дивидендік саясат және қызмет тиімділігі мәселелері бойынша ірі акционердің ұстанымы мен не күтетінін тікелей жеткізеді.

- **Күн тәртібін қалыптастыруға қатысу:** ірі акционердің бастамалары ҚМГ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру және тиісті мәселелерді күн тәртібіне енгізу үшін негіз болады, бұл акционерлердің стратегиялық басымдықтарына жедел ден қоюға мүмкіндік береді.
- **Тұрақты консультациялар:** ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері ұзақ мерзімді даму жоспарларын, инвестициялық жобаларды және тұрақты даму мәселелерін талқылау үшін ҚМГ ірі акционерінің өкілдерімен тұрақты негізде өзара іс-қимыл жасайды, корпоративтік стратегияны ҚМГ ірі акционерінің көзқарасымен сәйкес келуін қамтамасыз етеді.
- **Есептілік және ашықтық:** ҚМГ акционерлерінің пікірін ескере отырып қабылданған түйінді шешімдер ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналыстарына дайындалған материалдар аясында және осы жылдық есепте жарияланады, бұл олардың ұстанымы ескерілетінін растайды.

Есепті 2025 жылы ҚМГ өз акционерлерінің құқықтарын Қазақстан Республикасының заңнамасына, компанияның Жарғысына және ішкі құжаттарына қатаң сәйкестікте іске асыруды қамтамасыз етті. Жұмыстағы басты басымдық ҚМГ акционерлерінің сұраныстарына ашықтықты, уақтылы хабарлауды және жедел ден қоюды қамтамасыз ету болды.

2025 жылы ҚМГ-ға, атап айтқанда, ҚМГ ірі акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ-дан Директорлар кеңесі мен ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы қызметінің түрлі аспектілеріне қатысты 18 хат келіп түсті және өңделді.

2025 жылы акционерлерге ақпарат беруден бас тарту жағдайлары болған жоқ. Барлық сұраулар белгіленген мерзімде өңделді.

2026 жылы осы процесті одан әрі жетілдіру, атап айтқанда, ҚМГ акционерлерінің сұрау салуларды жіберу, сондай-ақ оларға жауаптарды дайындау және ұсыну тәртібі мен мерзімдерін егжей-тегжейлі реттейтін ішкі құжатты әзірлеу және бекіту жоспарлануда.

2025 жылы акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстары өткізілді, бұл акционерге компанияны оның қызметінің негізгі мәселелері бойынша басқаруға қатысуға мүмкіндік берді.

ҚМГ акционерлеріне Компанияның веб-сайтында және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында оларды өткізу туралы хабарламаларды жариялау арқылы компания акционерлерінің жалпы жиналыстарын өткізу туралы уақтылы хабар берілді.

Компания акционерлерінің жалпы жиналыстарына қатысты материалдар да ҚМГ акционерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында, компания Жарғысында және ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеде нақты белгіленген мерзімдерде ұсынылды.


Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне сәйкес акционерлердің ҚМГ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері туралы ақпарат, сондай-ақ оларды

2024 жылы қарау қорытындылары 2025 жылғы 29 мамырда Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына шығарылды (№2/2025 хаттама, №3 сұрақ). Бұл қалыптасқан тәжірибе: 2025 жылы ҚМГ акционерлерінің өтініштері туралы осындай мәселені 2026 жылы Компания акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына енгізу жоспарлануда, бұл Компанияның өз акционерлері алдында ашықтық пен есеп беру қағидатын ұстанатынын көрсетеді.

Акциялардың айналымы

KASE биржасындағы параметрлер	08.12.2022 (орналастыру күні)	31.12.2025
ҚМГ акциясының бағасы	8 406	21 720
ҚМГ нарықтық капиталдандыру, теңге	5,1 трлн	13,3 трлн
ҚМГ нарықтық капиталдандыру, АҚШ доллары	11 млрд	26,4 млрд
ҚМГ акциялары бағасының өзгеруі	–	+158,4 %
Акционерлердің барлық табысы (дивидендтерді қоса алғанда)	–	+175,9 %

2025 жылы ҚМГ акциясы бағасының динамикасы



2025 жылы ҚМГ акциялары бір жарым есеге жуық қымбаттады – өсім 49 % құрады. Баға белгілеулердің оң динамикасы компанияның тұрақты қаржылық нәтижелерін және ҚМГ-ның ұзақ мерзімді даму стратегиясына қатысты инвесторлардың оң үмітін көрсетті. Акциялардың бағасына

қосымша қолдауды мұнай нарығының салыстырмалы түрдегі қолайлы конъюнктурасы және ҚМГ-ның ұлттық мұнай-газ компаниясы ретіндегі мәртебесі ықпал етті, оны дәстүрлі түрде инвесторлар бизнестің тұрақтылық факторы ретінде қабылдайды.

Дивидендтер

ҚМГ акционерлердің, кредиторлардың және компанияның мүдделерінің теңгерімін сақтауға, сондай-ақ дивидендік төлемдерді қалыптастыруға ашық көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған дивидендік саясатты іске асырады. Дивидендтерді бөлу туралы шешімдерді ҚМГ акционерлерінің жалпы жиналысы компанияның макроэкономикалық конъюктурасы мен қаржылық жағдайын, оның ішінде мұнай бағасының деңгейін, борыштық жүктеменің параметрлерін, күрделі салымдардың көлемін және өзге де маңызды факторларды ескере отырып қабылдайды.

Дивиденд төлеу үшін негізгі талаптар:

- оң жеке капиталдың болуы;
- есепті кезең үшін шоғырландырылған таза табыстың немесе есепті кезеңнің соңына бөлінбеген пайданың болуы;
- оң бос ақша ағынының болуы.

Компания тұрақты қаржылық нәтижелерді көрсетті және 2023 жылдан 2025 жылға дейін бір акцияға шаққанда 491,71 теңге дивиденд деңгейін сақтай отырып, 300 млрд теңге мөлшерінде рекордтық дивиденд төледі.

Осылайша, ҚМГ өзінің дивидендік саясатын жүйелі түрде іске асырады және өз акционерлеріне тұрақты дивидендік төлемдерді қамтамасыз ете отырып, өзінің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ұмтылуын жалғастыруда.

2025 жылы 25 маусымда ҚМГ акционерлерге 2024 жылға дивиденд төлеуді аяқтады. Дивидендтердің жалпы сомасы 300,0 млрд теңге болды. Бір жай акцияға берілген дивиденд мөлшері – 491,71 теңге.

Дивиденд тарихы¹

Көрсеткіш	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
Бір акцияға шаққандағы дивиденд, теңге	60,64	133,97	81,95	327,80	491,71	491,71	491,71
Барлық төленген дивиденд, млн теңге	36 998	81 738	49 999	199 997	300 000	300 000	300 000

[Толық ақпарат «Қаржылық есептілік» бөлімінде берілген, 126-139-бетте](#)

Облигация бойынша қарыздар

Сыртқы нарықтарда **АҚШ долларында** шығарылған ҚМГ еурооблигациялары¹

Айналымның басталу күні/ өтеу күні	Шығарылым көлемі, млн АҚШ доллары	Айналымдағы облигациялар, млн АҚШ доллары	Купондық мөлшерлеме, жылдық %	ISIN: RegS/144A
19.04.2017/19.04.2027	1 000	250	4,75	XS1595713782 / US48667QAN51
19.04.2017/19.04.2047	1 250	1 000	5,75	XS1595714087 / US48667QAP00
24.04.2018/24.04.2030	1 250	1 250	5,375	XS1807300105 / US48667QAQ82
24.04.2018/24.10.2048	1 500	1 250	6,375	XS1807299331 / US48667QAS49
14.10.2020/14.04.2033	750	750	3,50	XS2242422397 / US48126PAA03

Сыртқы нарықтарда **Қытай юанімен** шығарылған ҚМГ облигациялары

Айналымның/өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн қытай юані	Айналымдағы облигациялар, қытай юані	Купондық мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
30.10.2025 / 30.10.2030	1 250	1 250	2,95	HK0001206900

Қашағандағы үлесті сатып алуға ҚМГ-ның «Самұрық-Қазына» АҚ-ға арналған облигациялары

Валюта	Айналымның/өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн теңге	Айналымдағы облигациялар, млн теңге	Купондық мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
Қазақстан теңгесі	16.09.2022 / 16.10.2035	751 631,4	751 631,4	9,30	KZ2C00008969

«Астрахань-Маңғышлақ» магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту» жобасын қаржыландыруға ҚМГ-ның «Самұрық-Қазына» АҚ-ға арналған облигациялары

Валюта	Айналымның/өтеудің басталу күні	Шығарылым көлемі, млн теңге	Айналымдағы облигациялар, млн теңге	Купондық мөлшерлеме, жылдық %	ISIN
Қазақстан теңгесі	24.04.2023 / 01.04.2033	50 000	44 118	0,50	KZ2C00009736
Қазақстан теңгесі	24.11.2023 / 01.10.2033	20 000	18 774	0,50	KZ2C00010429

¹ Қандай кезеңге есептелгеніне қарамастан, есепті кезеңде акционерлерге төленген дивидендтердің нақты сомалары.

¹ 2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Корпоративтік орталық деңгейінде қамтамасыз етілмеген, басымдық берілгендер.

Кредиттік рейтингтер

Халықаралық рейтинг агенттіктері беретін кредиттік рейтингтері – ҚМГ компаниялар тобының кредит төлеу қабілетін сенімді әрі тәуелсіз бағалауы. Компания негізгі қаржылық көрсеткіштерді инвестициялық деңгейден төмен етпей, ұзақ мерзімді несиелік рейтингті қамтамасыз ету үшін жеткілікті деңгейде ұстауды көздейді.

ҚМГ рейтинг агенттіктеріне ҚМГ компаниялар тобының кредит қабілеттілігін объективті бағалау үшін барлық қажетті ақпаратты ұсынады және олармен үнемі байланыста болады.

ҚМГ кредиттік рейтингтері Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингтерімен тығыз байланысты. Егеменді кредиттік рейтингтің өзгеруі қазақстандық эмитенттердің, соның ішінде ҚМГ-ның кредиттік рейтингтеріне әсер етуі мүмкін.

ҚМГ-ның кредиттік рейтингтері

Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	11.09.2024	Baa1	Тұрақты
S&P	27.06.2025	BBB-	Тұрақты
Fitch Ratings	18.06.2025	BBB	Тұрақты

Қазақстанның кредиттік рейтингтер


Рейтинг агенттігі	Күні	Рейтинг деңгейі	Болжамы
Moody's Investors Service	09.09.2024	Baa1	Тұрақты
S&P	22.08.2025	BBB-	Позитивті
Fitch Ratings	15.07.2025	BBB	Тұрақты

2025 жылы халықаралық рейтингтік агенттіктер тарапынан келесі рейтингтік әрекеттер жүзеге асырылды:

- 2025 жылғы 18 маусымда Fitch Ratings агенттігі ҚМГ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде, болжамын «тұрақты» деп растады;
- 2025 жылғы 27 маусымда халықаралық рейтингтік агенттік S&P Global Ratings ҚМГ-ның кредиттік рейтингін «BB+» деңгейінен «BBB-» деңгейіне дейін көтеріп, болжамын «тұрақты» деп белгіледі.

Осылайша, қазіргі уақытта ҚМГ барлық рейтинг агенттіктері берген инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингтерге ие. ҚМГ-ның барлық кредиттік рейтингтері Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтинг деңгейіне сәйкес келеді.

ҚМГ-ның кредиттік рейтингтер динамикасы



	Moody's	S&P	Fitch Ratings
2007	Baa1	BBB-	BBB
2008	Baa1	BBB-	BBB-
2009	Baa2	BB+	BBB-
2010	Baa3	BBB-	BBB-
2011	Baa3	BBB-	BBB-
2012	Baa3	BBB-	BBB
2013	Baa3	BBB-	BBB
2014	Baa3	BBB-	BBB
2015	Baa3	BB+	BBB
2016	Baa3	BB	BBB-
2017	Baa3	BB-	BBB-
2018	Baa3	BB	BBB-
2019	Baa3	BB	BBB-
2020	Baa3	BB	BBB-
2021	Baa2	BB	BBB-
2022	Baa2	BB+	BBB-
2023	Baa2	BB+	BBB
2024	Baa1	BB+	BBB
2025	Baa1	BBB-	BBB

Инвесторларға арналған іс-шаралар

ҚМГ қаржы көздеріне тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз етудің және қарыз алу құнын төмендетудің негізгі элементтерінің бірі ретінде инвестициялық қоғамдастықпен өзара іс қимыл жүйесін дәйекті түрде дамытып келеді. Инвесторлармен жұмысқа Компания басшылығы, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы, Басқарма төрағасы және Басқарма мүшелері, сондай ақ стратегиялық, қаржылық, операциялық, ESG бағыты және инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқарма сияқты маманданған құрылымдық бөлімшелер тартылған.

ҚМГ әр тоқсанның қорытындысы бойынша келесі ақпаратты тұрақты түрде жариялап отырады:

- қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша презентациялар;
- қызметтің негізгі көрсеткіштері туралы баспасөз хабарламалары;
- ХҚЕС бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік;
- инвесторларға арналған сараптамалық және анықтамалық материалдар.

Компания жылына екі рет – жартыжылдық және жыл қорытындылары бойынша – топ менеджменттің қатысуымен инвесторлар мен талдаушылар үшін конференц-қоңыраулар өткізеді. Сонымен қатар 2025 жылы ҚМГ институционалдық инвесторлармен және рейтингтік агенттіктермен жеке кездесулер мен онлайн қоңыраулар өткізу

тәжірибесін жалғастырды, сондай ақ тұрақты даму және жаһандық энергетикалық трансформация мәселелеріне арналған халықаралық салалық және ESG конференцияларына қатысты.

2025 жылы ҚМГ ақпаратты, оның ішінде ESG күн тәртібі мен стратегиялық басымдықтар бойынша ақпаратты уақтылы және сапалы ашуға баса назар аударды. Есепті жылы 2024 жылға арналған жаңартылған Тұрақты даму туралы есеп инвестициялық қоғамдастықтың күтулері мен үздік халықаралық тәжірибелерді ескере отырып жарияланды. MSCI компаниясының деректері бойынша, ҚМГ 2025 жылы ESG рейтингін «BBB» деңгейінде сақтап қалды, бұл саладағы орташа деңгейге сәйкес келеді.

ҚМГ инвесторлармен екіжақты диалогты дамытуға ерекше көңіл бөледі. Қаржы нарығының Компанияның қабылдауы үшін жасалған талдау нәтижелері мен инвесторлардың кері байланысы Директорлар кеңесі деңгейінде тұрақты түрде қаралады әрі коммуникациялық пен инвестициялық стратегияны түзету кезінде пайдаланылады.

Инвесторларға арналған өзекті материалдар, оның ішінде презентациялар, есептілік және Инвесторлармен жұмыс жөніндегі басқармасының байланыс деректері Компанияның ресми сайтындағы [«Инвесторларға» бөлімінде](#) берілген.

2025 жылы инвесторлармен өзара іс-қимылдың басты оқиғалары

1-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> • 2024 жылғы қаржы және операциялық нәтижелердің қорытындысы бойынша конференц-қоңырау • 2024 жылғы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация • 2024 жылғы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есеп
2-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> • 2025 жылғы 1-тоқсан бойынша тоқсандық нәтижелерге арналған презентация • 2025 жылдың 1-тоқсанындағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2025 жылғы 31 наурызда аяқталған үш ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген) • 2024 жылға арналған Жылдық есепті жариялау • 2024 жылға арналған Тұрақты даму туралы есепті жариялау • 2024 жылы ҚМГ мемлекет пайдасына жасаған төлемдер бойынша есеп
3-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> • 2025 жылдың 1-жартыжылдығындағы қаржы және операциялық нәтижелер қорытындысы бойынша конференц-қоңырау • 2025 жылдың 1-жартыжылдығындағы тоқсандық нәтижелер бойынша презентация • 2025 жылғы 1-жартыжылдықтағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген) • ҚМГ-ның 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша есебі
4-тоқсан	<ul style="list-style-type: none"> • 2025 жылдың 3-тоқсанындағы тоқсан нәтижелер бойынша презентация • 2025 жылдың 3-тоқсанындағы қаржы және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша баспасөз хабарламалары • 2025 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есеп (аудиттелмеген)

2026 жылға арналған инвестор күнтізбесі

27 ақпан	26 наурыз	18 мамыр — 22 мамыр	25 мамыр — 29 мамыр	27 шілде — 31 шілде	24 тамыз — 28 тамыз	26 қазан — 30 қазан	23 қараша — 30 қараша
2025 жылдың өндірістік көрсеткіштері	2025 жылдың қаржы көрсеткіштері	2026 жылғы 1-тоқсанның өндірістік көрсеткіштері	2026 жылғы 1-тоқсанның қаржы көрсеткіштері	2026 жылғы бірінші жартыжылдықтағы өндірістік көрсеткіштері	2026 жылғы бірінші жартыжылдықтағы қаржы көрсеткіштері	2026 жылғы тоғыз айдағы өндірістік көрсеткіштері	2026 жылғы тоғыз айдағы қаржы көрсеткіштері